**2010 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, көлемдері, түрлері және жағдайлары туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 94 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 сәуірде № 9-5-104 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13)–тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға қоғамдық жұмыстар үшін жұмыс орындарын, қоғамдық жұмыстардың көлемдері мен түрлерін ұсынушы ұйымдар тізбесі бекітілсін (қосымша).

2. Қоғамдық жұмыстармен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысы аудандық бюджеттен ең төменгі жалақының бір жарым көлемінде белгіленсін.

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Алтынсарин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және ұйымдар арасындағы қоғамдық жұмыстарды орындауға жасалған қолданыстағы заңнамаға, келісім шартында көрсетілген талаптарына сәйкес, қоса беріліп отырған тізбесі негізінде жүргізілсін.

4. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі орындалған қоғамдық жұмыстардың сапасына бақылау жүргізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі бірінші орынбасарының міндетін атқарушы А.А. Кенжеғаринге жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі А. Бондаренко*

Әкімдіктің
2010 жылғы 7 сәуір
№ 94 қаулысына қосымша

**2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың көлемдері және түрлері, қоғамдық жұмыстар үшін жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2010.04.28 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

| Ұйымның атауы | Жұмыстар мен қызметтер түрлері | Орындалған жұмыстар мен қызметтер көлемінің нақты көрсеткіштері |
|---|---|---|
| | Қызметкердің алдын ала кәсіптік дайындығын талап етпейтін елдімекендер пункттерін жинауға, қоршауларды сырлау және жөндеуге көмектесу: | |
| | 1) барлық селолар аумағын күн сайын жинау, қоқыстарды, тастарды жинау, шөптерді жұлу, сыпыру, көлік және оның тіркемесі тұрған жерлерге тасымалдағышпен қоқыстарды апарып төгу; | 2610000 шаршы метр |
| | 2) көлік құралдарына қоқыстар мен көндерді арту және шығару; | 223 тонна |
| | 3) аумақты арамшөптерден жинау; | 31900 шаршы метр |
| | 4)көлік құралдарына арамшөптерді арту және шығару; | 29 тонна |
| | 5) Красный Кордон, Свердловка, Приозерное, Щербаково, Танабай, Докучаево, Лермонтово, Ново-Алексеевка, Силантьевка, Первомай, Большая Чураковка селоларындағы зираттық жерлердегі қоқыстар мен арамшөптерден аумақтарды тазалау; | 61600 шаршы метр |
| | 6) Красный Кордон, Докучаево, Силантьевка селоларындағы зираттық жерлердің қоршауларын жөндеуге көмек көрсету; | 2450 қума метр |
| | 7) Танабай, Докучаево, Красный Кордон, Ново-Алексеевка, Первомай, Большая Чураковка, Щербаково селоларындағы зираттардың қоршауларын | 5754 шаршы метр |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | "Көмек-Алтын" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | сырлауға көмек көрсету;<br>8) Танабай, Щербаково, Свердловка, Силантьевка, Обаған селоларында жол маңдарында және саябақтарда шөптерді шабу.<br>2.Қызметкердің алдын ала кәсіптік дайындығын талап етпейтін, елдімекен тіректерін көгалдандыру және көріктендіруге көмек көрсету:<br>1) барлық селоларда топырақты жырту, жер тастарын жару, әлеуметтік-мәдени тағайындаудағы объектілер маңындағы жерлерді тырнауышпен түзеу;<br>2) Обаған, Силантьевка, Большая Чураковка, Приозерное селоларында ағаштардағы кепкен бұтақтарды кесу және оларды жинау;<br>3) ағаштар мен бұталарды отырғызуға топырақты дайындау: тазарту, жер қазу, көшеттерді отырғызу, жерді дұрыстау, барлық селоларда күнделікті күтім және көшеттерді суару;<br>4) барлық селолардағы жиектегі тастарды шөптерден, қоқыстардан тазарту, жиектерді, шарбақтардың сыртқы және ішкі жағынан ақтау үшін ақбалшық ерітіндісін дайындау;<br>5) Свердловка, Докучаево, Силантьевка, Красный Кордон, Большая Чураковка, Приозерное селоларындағы қисайған көше қоршауларын жөндеу, бағандарға шұңқырлар қазу, ескі қоршауларды алып тастау, жаңа қоршауларды (шарбақтарды) орнату;<br>6) Докучаево, Красный Кордон, Щербаково, Свердловка, Силантьевка, Приозерное селоларындағы | 18600 шаршы метр<br>5730 шаршы метр<br>4 тонна<br>2370 дана<br>15410 қума метр<br>7150 шаршы метр<br>7650 шаршы метр |

| | | |
|---|---|---|
| | қоршауларды сырлауға көмек көрсету;<br>7) Докучаево, Лермонтово, Красный Кордон, Свердловка, Силантьевка, Приозерное, Первомай, Большая Чураковка, Щербаково,Обаған селоларында ағаштарды, бағандарды ақтау;<br>8) Барлық селоларда гүлзарларын бөлу, жерді дайындау және гүлдерді отырғызу (маусым ішінде);<br>9) ескерткіштерді, обелисктерді ақтау, сырлау: барлық селолық округтердің аумақтарындағы ескерткіштердің, обелисктердің маңын жинастыру;<br>10) ақбалшық ерітіндісін әзірлеу, автобус аялдамаларын ақтау, ішінара сырлау.<br>3. Қызметкердің алдын ала кәсіптік дайындығын талап етпейтін, селолық округтер аумақтарынан өтетін су құбырларының желілерін жөндеу:<br>1) Силантьевка, Первомай, Приозерное,Обаған селоларында колонкалардың, су құбырларының маңындағы аумақтарды қоқыстардан, шөптерден тазарту;<br>2) Танабай, Докучаево, Красный Кордон, Ново-Алексеевка, Большая Чураковка, Силантьевка селоларындағы шахталық құдықтарды тазарту, суды шелекпен төгу, селолардағы құдықтардың қоршауларын және құдық кесінділерін жөндеуге көмек көрсету;<br>3) колонка, құдықтар маңына топырақ төгу және нығыздау;<br>4) ағаш қоршауларды орнату (шарбақ, тақтай) | 5949 шаршы метр<br>77 дана<br>8200 шаршы метр<br>25 дана<br>79 дана<br>36 дана<br>25 тонна<br>178 қума метр |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК